

«6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған

Ибраева Данара Сабырқызының
**«XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы
Қазақстанның орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозаны
талдаудың теориясы мен әдістемесі»**
тақырыбындағы ғылыми диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі таңда автобиография жанрына деген оқырман қызығушылығы артып келеді. Бұл заңды құбылыс - XX – XXI ғасырлар тоғысында орын алған жаһандық тарихи өзгерістерге деген қоғам назарының нәтижесі. Бұл кезеңдерде қоғамды өзгерткен, еліміздің жаңа экономикалық және саяси дамудың жаңа жолына түсірген орасан зор қайта құрулар орын алды.

Әдебиет әрқашан адамзаттың даму барысын анықтайтын ауқымды оқиғаларға мән берген. Осы және басқа оқиғалардың нәтижесінде болған түбегейлі өзгерістер жазушылардың оларды саралауы үшін және көзқарасын анықтауға деген құлшынысын оятты. Біз көркем әдебиеттегі дамып келе жатқан тұлғалық бастаудың нәтижесінде автобиография жанрының қоғамның, мемлекеттің, халықтың даму мәселелерін түсіну қажеттілігіне байланысты жаңа қарқынмен дамуының куәсі болып отырмыз.

Елімізде және бүкіл әлемде болған орасан өзгерістерге жүйелі түрде мән берген көркем автобиография жанрын жан-жақты зерттеу өте маңызды.

Қазіргі әдебиеттануда қазақстандық автобиографиялық проза әлі толық зерттелген жоқ, ал орыс әдебиетін оқыту әдістемесінде оны жоғары оқу орнында оқытатын еңбектер жоқтың қасы. Біздің зерттеу еңбегімізде XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозаның поэтикасы мен мәселелері жан-жақты қарастырылып, оны жоғары оқу орны аудиториясында зерттеудің әдістемесі жасалды. Жоғары оқу орнында автобиографиялық прозаны талдаудың әдеби және әдістемелік аспектілері дәйекті түрде ұсынылған.

Диссертация «6D011800 – Русский язык и литература» мамандығы талаптарына сай. Диссертациялық жұмыс – әдебиеттану және орыс әдебиетін оқыту әдістемесі аясында жасалған өзіндік зерттеу. Зерттеу пәнаралық сипатымен ерекшеленеді, ол әдебиеттану, педагогика, дидактика, орыс әдебиеті, әлеуметтану және басқа гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесіне негізделген.

Қазақстандағы орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозаны зерттеуге арналған әдістемелік жүйе жасау психологиялық, педагогикалық және әдістемелік нық негізге қойылды. Бұл психология, педагогика, дидактиканың және орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми ережелеріне жүгінуге әкелді.

Тақырыптың өзектілігі - соңғы жылдары автобиографияға деген қызығушылықтың артуымен және отандық ғылымда әдеби өмірбаян феноменіне байланысты арнайы еңбектердің жоқтығының орнын толтыруға деген ұмтылысымен ғана емес, сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы әдеби процесс даму логикасына да байланысты.

Жұмыстың тақырыбы жанрдың көркемдігін жоққа шығармайтын поэтиканың бір бөлігі саналатын документалды прозаға деген қызығушылықтың артуына байланысты да өзекті болып табылады.

Әдебиеттану ғылымының қазіргі кезеңі үшін автобиографиялық прозаның жанрлық түрлерін зерттеу өзекті болып табылады. Автобиографиялық шығармалардың жанрлық табиғаты мен поэтикасын зерттеу соңғы кезде дәстүрге айналып, басым бағыттардың біріне айналған батыстық ғылымнан айырмашылығы, отандық әдебиеттану ғылымында бұл тұрғыдағы автобиографиялық мәтіндер жеткілікті зерттелмеген. Документалды негіздегі автобиографиялық әдеби шығармалар немесе толыққанды көркем мәтіндер ғалымдардың қызығушылығын арттыруда.

Сонымен қатар, ХХ - ХХІ ғасырлар тоғысында автобиографиялық прозаға деген қызығушылықтың артуы, оқырмандардың мемуарлық және автобиографиялық сипаттағы әдебиетке деген назарын ескеретін кітап нарығында да, қазіргі тарихи-әдеби процестің қисынына және жанрдың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты.

Қазіргі таңда елімізде білім беруді жаңарту үрдістері жүріп жатыр. Жаңа білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық тәсілдері белсенді түрде дамып келеді. Белсенді шығармашылық ізденіс әдебиетті оқыту әдістемесінде де байқалады.

Әдістеме ғылымының негізгі міндеті - студенттердің белсенді танымдық іс-әрекетін дамытуға ықпал ете отырып, әдебиетті оқытудың тиімді тәсілдері мен құралдарын жасау.

Ұлттық тарихты тереңнен зерделеу үшін маңызды мәселелер көтерілген Қазақстанның қазіргі заманғы орыс автобиографиялық әдебиетін әдіснамалық тұрғыда игеру өзекті болып табылады. Студенттерді қазақстандық орыс әдебиетінің көркемдік жетістіктерімен және дүниетаным кеңістігімен таныстыру олардың эстетикалық және патриоттық тәрбиесі үшін қажет. Бұл қоғамдық сананы жаңғырту идеясының негізінде жасалған «Рухани жағыру» бағдарламасының нұсқауларына да сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары, орыс әдебиеті бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламалары, әртүрлі ресми құжаттар оқытушылардан оқушылар мен студенттерді отансүйгіштікке, толеранттылыққа, кәсіби құзыреттілікке, өзіндік танымдық белсенділікті дамытуға, жаңашылдыққа, сыни тұрғыдан ойлауға жүйелі түрде қалыптастыруды талап етеді.

Мұның барлығы жастар арасында бүкіл қоғамның табысты дамуы үшін қажетті негізгі моральдық-этикалық құндылықтарды қалыптастыратын Қазақстанның орыс автобиографиялық әдебиетін тиімді оқыту негізінде жүзеге асырылады.

Автобиографиялық әдебиет қаламгерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерделей отырып, студенттер ақиқатты түсінуге, қазіргі әлемде болып жатқан оқиғаларды саралауға үйренеді. Автобиографиялық шығармаларды оқу және зерттеу студенттердің өзін-өзі тануының негізі болып табылатын ішкі көзқарас дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде жоғары оқу орындарында қазақстандағы орыс автобиографиялық прозасын әдіснамалық игеру мәселелерін көтеретін еңбектер (монографиялар, оқу құралдары, әдістемелік оқу құралдары, мақалалар) жоқтың қасы. Бұл жағдай біздің диссертация тақырыбының өзектілігін де сипаттайды.

Осылайша, біз филолог-студенттерге, болашақ орыс әдебиетінің оқытушыларына әдеби білім берудегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында алынған осы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін әр қырынан сипаттауды жөн көрдік.

Жұмыс тақырыбының зерттелу деңгейі қазақстандық орыс автобиографиялық прозасының дамуы мен поэтологиясының мәселелері әдебиеттануда іс жүзінде зерттелмегендігімен сипатталады. Мәселенің зерттеу деңгейі әдебиеттану ғылымында қазақстандық орыс автобиографиялық прозасының қалыптасуы, дамуы, жанрлық табиғаты туралы іргелі зерттеулер ұсынылмағандығымен анықталады.

Әдістеме ғылымында сонымен қатар, жоғары оқу орны мен мектепте қазақстандық орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозаны зерттеуге арналған еңбектер жоқ. Бұл жағдай мәселенің зерттеу дәрежесін айқын сипаттайды.

Көркем автобиографияны талдау үшін оның поэтикасы мен мәселелерінің әр түрлі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік беретін модель жасау қажет. Одан кейін жоғары оқу орнында қазақстандық орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозаның әдістемелік даму жолдары мен тәсілдерін қарастырған жөн. Осы мәселелер біздің жұмыс тақырыбының өзектілігін айғақтайды.

Зерттеу нысаны - тарихи-әдеби процесс, жанрология, автобиография жанры, қазақстандық орыс әдебиеті, әдебиетті оқытудың инновациялық әдістері, шығарманы талдау әдісі, жоғары оқу орнындағы эпикалық шығарманы талдаудың жолдары мен тәсілдері.

Зерттеу пәні – қазақстандық орыс автобиографиялық прозасы, және университет аудиториясында қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын зерттеудің психологиялық-педагогикалық негіздері, әдістемелік тәсілдері мен оқыту құралдары.

Зерттеудің мақсаты – қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын зерттеу, жоғары оқу аудиториясында оны талдаудың әдістемесін жасап шығару.

Диссертациялық зерттеу барысында әдеби зерттеуді сәтті жүргізу және жоғары оқу орнында қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын зерттеудің әдістемелік жүйесін құру үшін мынадай **гипотеза** ұсынылды:

- диссертация негізінде қазақстандық жазушылардың автобиографиялық шығармаларын ары қарай талдауға арналған автобиографиялық прозаның жанрлық ерекшеліктерін теориялық сипаттау;
- қазақстандық авторлар шығармашылығы мысалында орыс автобиографиялық прозасының өзіндік ерекшелігін ашу;
- автобиографиялық прозаны талдауға арналған әдістемелік жүйенің психологиялық-педагогикалық негіздерін жасап шығару және негіздеу;
- жоғары оқу аудиториясында қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын талдаудың тиімді әдістемелік жүйесін жасап шығару және негіздеу.

Зерттеу міндеттері мынадай:

- диссертация тақырыбы тұрғысынан қазақстандық жазушылардың осы жанрдағы шығармаларды ары қарай зерттеуге арналған автобиографиялық прозаның жанрлық ерекшеліктерін анықтау және талдау;
- И.П. Шухов, И.П. Щеголихин, Г.К. Бельгер автобиографиялық прозасының көркемдік ерекшелігін анықтау;
- автобиографиялық прозаны талдауға арналған әдістемелік жүйенің психологиялық-педагогикалық негіздерін жасап шығару және негіздеу;
- И.П. Шухов, И.П. Щеголихин, Г.К. Бельгер автобиографиялық шығармаларын талдаудың әдістемелік жүйесін жасап шығару және негіздеу;
- «XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның орыс әдебиетіндегі автобиографиялық прозасы» элективті пәнін жасап шығару және жүзеге асыру.

Зерттеу материалы – И.П. Шуховтың автобиографиялық прозасы («Пресновские страницы» автобиографиялық трилогиясы), И.П. Щеголихиннің («Не жалею, не зову, не плачу...» романы), Г.К. Бельгердің («Дом скитальца» романы).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы әр түрлі теориялық материалдарды өз бетінше жүйелеп, автобиографиялық прозаны талдау тәсілдерін айқындауымен анықталады. Бұл диссертацияда алғаш рет әдебиеттануда И.П.Шухов, И.П. Щеголихин және Г.К. Бельгердің автобиографиялық прозасына жоспарлы түрде талдау жасалды.

Сонымен қатар, орыс әдебиетін оқыту әдістемесінде тұңғыш рет жоғары оқу орнында автобиографиялық прозаның әдіснамалық дамуының түрлі мәселелерін жүйелі шешу ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі талаптар:

- автобиографиялық прозаның жанрлық ерекшеліктерін теориялық сипаттау диссертацияның баяндалған тақырыбы тұрғысынан қазақстандық орыс жазушыларының поэтикасы мен автобиографиялық шығармаларының мәселелерін кейіннен талдауға берік ғылыми негіз болады;
- И.П. Шухов, И.П. Щеголихин, Г.К. Бельгер шығармаларында авторлық өмір мен қоғам дамуының негізгі кезеңдерін көрсететін деректі және әдеби-эстетикалық желілердің, жеке және әлеуметтік қағидалардың үйлесуіне негізделген әдеби-көркем өмірбаянның түрін ұсынады;
- қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын талдаудың тиімді әдістемелік жүйесін құру үшін жоғары оқу аудиториясында эпикалық

шығармаларды зерттеудің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік аспектілерін жасап шығару және негіздеу қажет;

- естеліктер әдебиетін игеру жүйесін сынау үшін педагогикалық оқыту экспериментін жүргізу үшін алдыңғы қатарлы жетістіктерге, негізгі ережелерге, қағидаларға, әдістерге педагогика, дидактика және орыс әдебиетін оқыту әдістемесіне негізделген қазақстандық орыс автобиографиялық прозасын талдаудың тиімді әдістемелік жүйесін әзірлеу және негіздеу қажет.

Диссертацияның әдіснамалық негізі көркем мәтінді әдебиет теориясы мен тарихы тұрғысынан жүйелі түрде зерттеу әдістемесі болды, бұл бізге қазақстандық автобиографиялық прозаны талдауға қажетті алғашқы әдеби позицияларды дамытуға мүмкіндік берді.

Автобиографиялық орыс қазақ прозасын зерттеу үшін әдеби жанр теориясы бойынша Б.В. Томашевский, М.М. Бахтин, О.М. Фрейденберг, Ю.Н. Тынянов, С.С. Аверинцев, Г.Н. Поспелов, Н.Л. Лейдерман, Р.С. Спивак, Л.В. Чернец, Т.Н. Маркова, М.Ю. Звягина және т.б. еңбектері негізге алынды.

Естеліктер әдебиетінің теориясы мен тарихын зерттеуге Ж. Гюсдорф, Ф. Лежен, В. Хубач, Э. Брюсс, Ж. Брюнер, М. Медарич, Ж. Старобинский, Л.Я. Гинзбург, М.М. Бахтин, М.Ю. Лотман, С.И. Машинский, И.О. Шайтанов, Ю.П. Зарецкий, Г.Г. Елизаветина және т.б. зор үлес қосты.

Сондай-ақ, қазіргі қазақстандық орыс прозасын зерттеуде отандық әдебиеттанушы ғалымдар В.В. Бадиков, С.В. Ананьева, Б.У. Жолдасбекова, К.С. Бұзаубағарова, В.К. Қалижанов, А.Ж. Жақсылықов, Ж.Х. Салханова, А.Б. Темірболат, Л.В. Сафронова т.б. зерттеу еңбектері назарға алынды.

Психология, педагогика, әдебиетті оқыту әдістемесінің озық жетістіктері әдіскерлер мен моқытушыларды тиімді технологиялар мен оқыту әдістерін іздеуге бағыттайды. Диссертацияның әдістемелік аспектісі психология, педагогика, дидактика, әдістеме ғылымдарының жетістіктеріне арналмай ашыла алмайды. Белсенділік теориясының дамуына елеулі үлес қосқан психологтар С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, В.В. Давыдов, қағидалар теориясы - Д.Н.Узнадзе. Педагогикалық технологияларды сәтті ұйымдастырудың мәселелері В.П. Беспалько, Г.К. Селевко, А.В. Хуторской және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Орыс әдебиетін оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздері Ф.И.Буслаев, В.И.Водовозов, В.П. Острогорский, В.Я.Стоюнин, М.А.Рыбникова, В.В. Голубкова еңбектерінде қарастырылған. Әдебиетті оқыту әдістемесінің мәселелері Н.И. Кудряшев, әдеби шығармаларды талдау жолын В.Г. Маранцман және т.б. зерттеді.

Қазақстандық ғалымдардың Г.К. Ахметова, Б.А. Жетпісбаева, Г.Ж. Менлібекова, Т.Қ. Жұмажанова, А.Қ. Мыңбаева, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Хан еңбектері педагогика, дидактика және әдебиетті оқыту әдістемесі мәселелеріне арналған.

Сонымен, біздің диссертациямыздың әдіснамалық негізі ғылыми нәтижелер мен ережелердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажет болатын зерттеу тақырыбын ашуға арналған пәнаралық тәсілмен анықталады.

Бұл жұмыста әдеби әлеуметтану, суреттеу поэтикасы, көркем материалды текстологиялық зерттеу, автобиографиялық мәтіннің жанрлық ерекшелігін және басқа көркемдік ерекшеліктерін анықтау мақсатында шығарманы стилистикалық талдау әдістері қолданылады.

Диссертацияда келесі **зерттеу әдістері** қолданылды:

- теориялық (әдебиеттану, психология, педагогика, дидактика, орыс әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша туындайтын мәселелер тұрғысынан шығармаларды зерттеу және түсіну);

– социологиялық-педагогикалық (мұғалімдерге сауалнама жүргізу, олармен әңгімелесу, оқушылардың ауызша және жазбаша шығармаларын талдау, бақылау, білімді қалыптастыру);

- эксперименттік (анықтау, эксперименттік қалыптастырушы оқыту, қорытынды кесім).

Диссертациялық зерттеу бір-бірімен тығыз байланысты үш кезеңнен тұрды:

Алғашқы кезең (2015 ж. қыркүйек - 2016 ж. мамыр) - зерттеу пәнін анықтау, университетте автобиографиялық көркем шығарманы зерттеу жүйесінің әдеби, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік негіздерін жасау.

Бұл кезеңде зерттеу тақырыбы бойынша теориялық материал талданып, жүйеленді.

Негізгі кезең (қыркүйек 2016 ж. - мамыр 2017 ж.) анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды эксперименттер жүргізуден тұрды. Осы кезең аясында университет аудиториясында автобиографиялық прозаны зерттеуге арналған біз жасаған әдістемелік жүйе сыналды.

Қорытынды кезең (2017 ж. Қыркүйек - 2018 ж. мамыр) - бұл курстың өтуін, мазмұнын қорыту, сонымен қатар эксперименттік жұмыс нәтижелері мен статистикалық өңдеу нәтижелерін қорытындылау, зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындыларын қалыптастыру.

Бұл кезеңде алынған ғылыми нәтижелер жүйеленіп, зерттеудің ережелері мен тұжырымдары нақтыланды.

Зерттеудің теориялық құндылығы әдістерін қазіргі әдебиеттегі жаңа ұқсас құбылыстарды зерттеу үшін қолдануға болатындығымен анықталады.

Диссертацияның әдеби материалдары заманауи көркем шығармаларды одан әрі зерттеуге, әдебиет пен көркем автобиография поэтикасы мен жанрлық мазмұнын талдау технологияларын жасауға арналған нұсқаулық ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қалыптастырушы эксперимент барысында сыналған диссертацияда жасалған автобиографиялық көркем прозаны оқудың әдістемелік жүйесі студенттерге әдебиетті оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін іздеу, студенттердің әдеби білімін дамыту, олардың қызығушылығы болуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық (тәжірибелік) құндылығы оның материалдары, тұжырымдары, ережелері мен ғылыми нәтижелері қазақстандық орыс прозасының әдістемелік дамуына арналған элективті курстар әзірлеуге, жоғары оқу орындарында орыс әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтар өткізуге қолданылуында болып табылады.

Сонымен қатар, осы диссертацияның материалдары қазіргі заманғы орыс әдебиеті мен оның жоғары оқу орны және мектепте дамуы мәселелерін қамтитын әр түрлі оқу әдеби-әдістемелік әдебиеттерін дамытуға негіз бола алады.

Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттер диссертациялық жұмыстың үш бөлімнен және қосымшадан тұратын құрылымын анықтады. Пайдаланылған дереккөздер саны - 169.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері сәтті қолдау тапты.

Нәтижелердің қолдау табуы.

Диссертацияның негізгі мәселелері 17 мақалада көрініс тапты, оның ішінде:

1 мақала SCOPUS базасына енген халықаралық журналда жарық көрген:

1. Ibrayeva D., Salkhanova Z., Joldasbekova B., Bayanbayeva Z. The specifics of the art autobiography genre // *Opcion.* – 2018. – V. 34. – No. 85. – P. 126-151.

8 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда:

1. Ибраева Д.С. Особенности композиции и сюжетосложения повести И.П. Шухова «Колокол» // *Вестник КазНУ. Филологическая серия.* – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – №1. – С.402-407.

2. Ибраева Д.С. Тема дома и родного мира в прозе Г.К. Бельгера // *Вестник КазНУ. Филологическая серия.* – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – №4. – С. 268-273.

3. Ibrayeva D., The autobiography in the works of Gerold Belger // *Вестник КазНУ. Филологическая серия.* – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – №3. – С.35-42.

4. Ибраева Д.С. Полигlossия и литературное творчество // *Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь Казахстана».* – Астана, 2018. – №2. – С.109-111.

5. Ибраева Д.С. Жанр автобиографии: понятие и особенности // *Вестник КазНУ. Филологическая серия.* – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – №2. – С.249-252.

6. Ибраева Д.С., Ж.Х. Салханова Изучение биографических и автобиографических произведений в вузе // *Вестник КазНУ. Серия филологическая.* – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – №4. – С.252-257.

7. Ибраева Д.С. Технология обучения или технологический подход // *Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь Казахстана».* – Астана, 2018. – №2. – С.117-121.

8. Ибраева Д.С. Изучение жанра художественной автобиографии в вузе (на примере романа Г.К. Бельгера «Дом скитальца») // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – № 4(61). – С. 136 – 145.

8 мақала халықаралық және республикалық конференциялар материалдарында:

1. Ибраева Д.С. Художественность и документальность жанра автобиографии // XV Международная научно-практическая конференция «Российская наука в современном мире». – Москва, 2018. – С. 18-19.

2. Ибраева Д.С. Автобиографизм романа И.П. Щеголихина «Не жалею, не зову, не плачу...» // Международная научно-практическая конференция IX Бағизбаевские чтения. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – С. 205-207.

3. Ибраева Д.С. Характер и функции пейзажа в повести И.П. Шухова «Колокол» // Международный научно-методический семинар «Русский язык и литература в современном образовательном пространстве: теория, практика, методика». – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С. 41-46.

4. Ибраева Д.С. Образ дома в романе Г.К. Бельгера «Дом скитальца» // Международная научно-практическая конференция VIII Бағизбаевские чтения. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С. 367-372.

5. Ибраева Д.С. Образ колокола в автобиографическом цикле И.П. Шухова «Пресновские страницы» // Международный научно-методический семинар «Русский язык и литература в современном образовательном пространстве: теория, практика, методика». – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – С. 51-54.

6. Ибраева Д.С. Пейзаж в повести И.П. Шухова «Колокол» // Международный научно-методический семинар «Русский язык и литература в современном образовательном пространстве: теория, практика, методика». – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – С. 199-202.

7. Ибраева Д.С., Салханова Ж.Х. Тема детства в творчестве И.П. Шухова // Международный научно-методический семинар «Русский язык и литература в современном образовательном пространстве: теория, практика, методика». – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 39-42.

8. Ибраева Д.С. Автобиографизм романа Г.К. Бельгера «Дом скитальца» // Международный научный симпозиум, посвященный 120-летию со дня рождения М.О. Ауэзова «М.О. Ауэзов и духовное возрождение нации» – Алматы, 2017. – С.429-440.

Сонымен қатар, диссертациядағы жасалған И.П. Шухов, И.П. Щеголихин және Г.К. Бельгер шығармаларының әдеби-әдістемелік зерттеу жүйелерінің қолдау табуы эксперименттік оқыту үрдісінде сәтті өтті.

«XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның орыс әдебиетіндегі автобиографиялық проза» элективті пәні жасалды.

Жоғары оқу орнында автобиографиялық прозаны талдауға арналған әдістемелік жүйе оқытудың негізгі қағидасы әдеби, педагогикалық ережелер,

оқу процесінде дидактикалық және әдістемелік техникалардың синтезіне негізделген.

Оқыту форматы - бұл тәжірибелік материалды әр түрлі академиялық пәндердің мазмұнына кіріктіру (әдеби сынға кіріспе, Қазақстанның орыс әдебиеті, «XX ғ. екінші жартысы мен XXI ғ. басындағы Қазақстанның орыс әдебиетіндегі автобиографиялық проза» элективті пәні, әдебиетті оқыту әдістемесі).

Автобиографиялық прозаны талдау жүйесінің теориялық негізін әдеби сын, психология, педагогика, дидактика және әдебиетті оқыту әдістемесі құрады. Бұл жүйенің әдіснамалық негізін дидактика, әдебиетті оқыту әдістемесі, эпикалық шығарманы талдау, эвристикалық оқыту құрайды.

Қалыптастырушы тәжірибе барысында мынадай әдеби талдау әдістері қолданылды: әдеби әлеуметтану, суреттеу поэтикасы, көркем материалды текстологиялық зерттеу, жанрлық ерекшелігін және автобиографиялық мәтіннің басқа көркемдік ерекшеліктерін анықтау мақсатында шығарманы стилистикалық талдау.

Педагогикалық тәжірибе нәтижелері осы жұмыста қойылған гипотезаны сенімді түрде растады.

Алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар осы диссертацияда сыналған автобиографиялық прозаны талдаудың әдістемелік жүйесі дамытушылық сипатқа ие, студенттердің сыни ойлауын және олардың кәсіби күзiреттiлiктерiн дамытуға ықпал етедi деп айтуға негiз бередi.

Студенттердің өмірбаян жанры туралы білімдерін арттыруға арналған әдістемелік ұсыныстар келесідей. Біз қазақстандық орыс авторларының өмірбаяндық шығармаларын кең әдеби-әдістемелік айналымға енгізуді ұсынамыз.

Қазақстандық әдебиеттің өмірбаяндық мазмұны мектептегі және жоғары оқу орны бағдарламаларында дәйекті және біртұтас түрде көрсетіліп, оқушылар мен студенттердің көркем автобиография жанры туралы, оның поэтикасы мен мағыналық мазмұны туралы ойларын тереңдетуге ықпал етеді.

Көркем автобиографиялық шығармаларын зерттеуге және дамытуға арналған әдеби-әдістемелік ғылыми әдебиеттердің дамуы мектепте және университетте әдеби білім беру жолдарының жаңаруына ықпал етеді.

Оқу сайтына орналастырылған зерттеу материалдары қалыптастырушы тәжірибе барысында тексеріліп, университеттің оқу процесіне енгізілді.

В қосымшасында Г.К. Бельгердің «Дом скитальца» автобиографиялық романының поэтикасы мен мәселелерін зерттеуге арналған практикалық сабақтың әдістемесі ұсынылған.